ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫМЕН
(қысқаша)

2024 жылғы 26 маусым № 5501-23-00-2/1638 Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ищанов А.Т., оңайлатылған іс жүргізі тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарап:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Екібастұз қаласының № 2 емханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Рано Мараловна Алданазарова «МАРГЭД» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІМІ:

Азаматтық процестік кодексінің 109, 267-2, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Екібастұз қаласының № 2 емханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының Рано Мараловна Алданазарова "МАРГЭД" жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызы қанағаттандырылсын.

Рано Мараловна Алданазарова "МАРГЭД" жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Рано Мараловна Алданазарова "МАРГЭД" жеке кәсіпкерінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін..

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес

жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Ищанов А.Т.**

Көшірме дұрыс
Судья **Ищанов А.Т.**

Құжатқа қол қойылған: Ищанов А. Т., 26.06.2024

5501-24-3-1/1756